

Shape your world



Ritsumeikan
Asia Pacific University

**Шет елдік ғылыми кеңесшінің
ПІКІРІ**

Қайдаулов Мұхтар Кенжебекұлының 6D110200 «Қоғамдық денсаулық сақтау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынған «Денсаулық сақтаудағы адами ресурстарды болжамдау әдістемесіне ғылыми көзқарас (үлкен қала жағдайындағы жалпы тәжірибелі дәрігерлер мен мейіргерлер мысалында)» диссертациясына

Денсаулық сақтау жүйесінің медициналық кадрларға деген өсіп келе жатқан қажеттілігі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қалалық және ауылдық елді мекендеріндегі медицина қызметкерлерінің теңгерімсіздігі Қайдаулов Мұхтар Кенжебекұлының «Денсаулық сақтаудағы адами ресурстарды болжамдау әдістемесіне ғылыми көзқарас (үлкен қала жағдайындағы жалпы тәжірибелі дәрігерлер мен мейіргерлер мысалында)» тақырыбындағы докторлық диссертациясы аясындағы зерттеудің өзектілігін айқындайды.

Диссертациялық жұмыс ғылыми жаңалығымен, денсаулық сақтау жүйесінің жалпы тәжірибелі дәрігерлер мен мейіргерлерге деген қажеттілігін болжаудың заманауи әдістерін қолдануымен ерекшеленеді. Бүгінгі таңда көптеген ғылыми жұмыстардың нәтижелері денсаулық сақтаудағы кадрлық ресурстарға қажеттілікті болжау кезінде жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдаланудың маңыздылығын атап өтуде. Осы диссертациялық жұмыс аясында Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесінде алғаш рет кадрлық ресурстарға қажеттілікті болжау кезінде жасанды интеллект мүмкіндіктері қолданылып отыр. Сонымен қатар, диссертациялық жұмыс аясындағы болжам түрлі әдіснама бойынша жүргізілген бірнеше болжамның нәтижелерін біріктіру арқылы құрылған модельдің ықтимал қателігін азайтуға мүмкіндік беретін модельдер ансамблі әдісі негізінде жүзеге асырылды.

Денсаулық сақтаудағы кадрлық ресурстарды болжауды жүзеге асырудың маңызды шарттарының бірі — болжам жасауға қажетті деректердің қолжетімділігі мен жеткіліктілігі. «Денсаулық сақтаудағы адами ресурстарды болжамдау әдістемесіне ғылыми көзқарас (үлкен қала жағдайындағы жалпы тәжірибелі дәрігерлер мен мейіргерлер мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс аясында хронометраждық зерттеу жүргізілді, оның нәтижесінде пациенттердің жыныс-жас құрамы, сондай-ақ пациенттердің жалпы тәжірибелі дәрігерлер мен мейіргерлерге жүгіну себептері бойынша деректерді жинау қажеттілігі анықталды.

Жалпы алғанда, диссертациялық жұмыс зерттеудің тақырыбы, мақсаты, міндеттері мен нәтижелерінің ішкі бірлігіне ие. Мақсаттары мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты, диссертация Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне қойылатын талаптарына толық сәйкес келеді және ресми қорғауға ұсынылады

Шетелдік ғылыми кеңесші:

MD, PhD профессор

Ритсумейкан Азия-Тынық мұхиты

университетінің вице-президенті, Жапония

Мейрманов С.Қ.

入力済